

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына жиырма бес жыл толуына орай еліміздің Негізгі Заңын мемлекеттік деңгейде насихаттау үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының энциклопедиялық анықтамалығын дайындаудың қажеттілігі туындап отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы уақыт көрсетіп отырғандай, мемлекеттіліктің тұғырын негіздеудің басты құжаты ретіндегі қызметін мүлтіксіз орындап келеді. Шетел және отандық сарапшылардың пайымдауынша, еліміздің Конституциясы әлемдегі озық үлгідегі және тұрақты Негізгі заңдардың бірі.

Қазақстанның бұл Конституциясы әлемдік конституциялардың әзірлеу дәстүрі мен тәжірибесіне негізделіп өмірге келгендіктен, ұсынылып отырған энциклопедиялық анықтамалық конституционализм дамуында қалыптасқан демократиялық үлгілерге, Конституция теориясындағы уақыт талабының сындарлы көшіне ілесе білген айшықты ұстанымдардың болмысына шолу жасауды мақсат тұтты. Сонымен қатар, ширек ғасырлық дамуында біршама конституциялық реформаларды басынан өткерді. Қазіргі уақытта қолданыстағы Конституцияның әлеуетін ашып көрсетуге бағытталған көптеген ғылыми ізденістер өмірге келді. Конституция теориясында орныққан ғылыми негіздеулерге сүйене отырып, Негізгі Заңға қатысты ғылыми тұжырымдар мен пайымдарға қысқаша сипаттама беру энциклопедиялық анықтамалықтың алдына қойған басты міндеттері.

Қазақстан Республикасы Конституциясының энциклопедиялық анықтамалығы еліміздегі Ата Заңымыздың дамуының басты бағыттарын айқындайтын бірнеше арналарды қамтиды. Атап айтатын болсақ, ұсынылып отырған энциклопедиялық анықтамалықтың бірінші бөлімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы – ұлттық құқықтық жүйенің өзегі деп аталады, онда Қазақстан Республикасының Конституциясы жобасына талдау жасаған сараптамалық-консультативтік кеңесінің жетекшісі және мүшелеріне, Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарына, Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға, Қазақстанның тарихындағы көне және негізгі заңдарға қысқаша сипаттамалар жасалған.

Конституционализм – демократиялық қоғамның тірегі деген екінші бөлімде Саяси және құқықтық ой тарихындағы конституция идеясы, Конституцияның түрлері, Конституциялық құқықтық терминологияға түсініктемелер берілген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін ғылыми қамтамасыз ету атты үшінші бөлімде Конституциялық құқықпен айналысушы белгілі ғалымдардың қысқаша өмірбаяны, Конституцияға қатысты негізгі еңбектерге және Конституция жайлы негізгі мақалаларға қысқаша шолулар жасалады.

Энциклопедиялық анықтамалықтың төртінші бөлімі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі – Конституцияның мызғымастығын қамтамасыз етуші орган деп аталып, онда Қа-

зақстан Республикасында конституциялық бақылаудың қалыптасу тарихы мен дамуы, Конституциялық Кеңестің төрағалары мен мүшелері туралы ақпарат, Конституциялық Кеңестің конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдауларынан қысқаша үзінділер берілген. Сонымен қатар, энциклопедиялық анықтамалықта қосымша ретінде Конституция жайлы жарияланған негізгі мақалалардың 1650-ден астам тізімі тіркеледі.

Бұл еңбектегі энциклопедиялық анықтамалықтар мен ұғымдар тиісінше алфавиттік және хронологиялық тәртіптерге сәйкес орналастырылған. Еңбекті жазуда әзірлеушілер арқа сүйеген, қолданған ғылыми еңбектер мен деректерге сілтеме жасайды және тиісінше рәсімдейді.

Энциклопедиялық анықтамалық отандық конституционализм мәселесімен айналысушы ғалымдардың Конституция теориясындағы айшықты ұстанымдардың болмысын ашуына, тарихи-құқықтық мәні мен мазмұнын айқындауына мұрындық болады деп сенемін.

**Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің Төрағасы,
заң ғылымдарының докторы,
профессор Қ.Ә. Мәми**